



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№14/196
4 сәуір



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасының 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясын жүзеге асыру қорытындысы шығарылды.

Үкімет негізгі көрсеткіштерге қол жеткізу туралы есеп берді. Сондай-ақ бірқатар салалық мемлекеттік орган жетекшілері басты бағыттар бойынша баяндама жасады.

Мемлекет басшысы геосаяси ахуалды ескере отырып, қоғамдық, экономикалық, экологиялық, су және азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін пысықтау қажеттігіне назар аударды.

Бұдан бөлек, отырыста Қазақстан Республикасының 2026-2030 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясының жобасы қаралды. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі саналатын бұл Стратегия алдағы бес жылда болуы ықтимал сын-қатерлерге төтеп берудің негізгі тәсілдерін анықтайды.

Жиында Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин орта мерзімге арналған басымдықтар, мақсатты индикаторлар мен стратегиялық тәуекелдерді басқару механизмдері жөнінде баяндады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, жаңа Конституцияны қабылдау арқылы мемлекет дамуындағы жаңа кезеңге қадам басып, Қазақстанның Тәуелсіздігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын сенімді түрде қорғауға мүмкіндік туды. Ал аталған Стратегия конституциялық қағидаттардың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етіп, еліміздің тұрақты әрі қарқынды дамуына жағдай жасайды.

Мемлекет басшысы ұлттық мүддені қорғау міндеттерін сапалы орындаудың маңызына баса мән берді. Оның қатарына, атап айтқанда, қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету; азаматтарды, қоршаған ортаны және ақпараттық кеңістікті қорғау деңгейін арттыру; киберқауіпсіздік шараларын күшейту және әлеуметтік-экономикалық саладағы тәуекелдерді азайту мәселелері кіреді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев экономика, білім мен технология салаларында сұранысқа ие білікті шетелдік мамандарды тартуға қолайлы жағдай жасайтын бағдарламаны жеделдетіп әзірлеуді тапсырды.

akorda.kz

ЖАҢА ІРІКТЕУ: МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ПЕН ӘДІЛЕТТІЛІКТІҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметке іріктеу жүйесін жетілдіру және оны барынша ашық әрі әділетті ету Қазақстандағы мемлекеттік басқару саласының басты бағыттарының бірі болып отыр.

2026 жылғы 1 сәуірден бастап мемлекеттік қызметке қабылдау тәртібі жаңартылып, іріктеу процесі толықтай автоматтандырылған форматта жүргізіледі. Конкурса қатысу «Е-қызмет» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің сыртқы порталы – eqyzmet.gov.kz арқылы онлайн жүзеге асырылады.

Кандидаттар конкурса қатысу үшін алдымен мемлекеттік тілді және заңнаманы білуге арналған тестілеуден, сондай-ақ, жеке қасиеттерін бағалау тестіден өтуі қажет.

Тестілеуді конкурс басталғанға дейін тапсыруға болады. Онлайн тестілеуге қатысу үшін жүйеде тіркеліп, жеке кабинет арқылы тестілеу күнінен кемінде бір күн бұрын өтініш беру керек. Уақытын кандидат жүйе ұсынған кестеге сәйкес өзі таңдайды.

Заңнаманы білуге арналған тестілеу төрт негізгі құқықтық акті бойынша өткізіледі: Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы және Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі. Барлығы 55 сұрақ қойылады. Өту үшін кемінде 30 дұрыс жауап беру және әр құқықтық акт бойынша кемінде 5 дұрыс жауап жинау қажет.

Жеке қасиеттерді бағалау тестілеуі үш бағдарлама бойынша жүргізіледі. Бірінші бағдарлама басшылық лауазымдарға арналған және 10 құзыретті камтиды (көшбасшылық, стратегиялық ойлау, нәтижеге бағдарлану және т.б.). Екінші бағдарлама басшылық емес лауазымдарға арналған және 7 құзыретті бағалайды.

Үшінші бағдарлама жұмыс өтілін талап етпейтін төменгі лауазымдарға арналған және әлеуметтік, эмоцио-

налдық интеллект пен логикалық ойлауды анықтауға бағытталған.

Тестілеу нәтижелері бойынша берілген сертификаттар бір жыл бойы жарамды. Осы мерзім ішінде кандидаттар мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға арналған конкурстарға қатыса алады. Жеке қасиеттерді бағалау тестін бір ай ішінде үш ретке дейін тапсыруға мүмкіндік беріледі. Егер кандидат нәтижесін жақсартқысы келсе, «өткен» мәртебесін алғаннан кейін үш ай өткен соң қайта тапсыра алады.

Конкурса жеке қасиеттерді бағалау нәтижелері бойынша ең жоғары балл жинаған үздік бес кандидат жіберіледі.

Хабарландырулар жүйеде және мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында өтінімдерді қабылдау басталғанға дейін екі жұмыс күні бұрын жарияланады.

Кандидат конкурса жеке кабинет арқылы өтініш береді.

Кадр қызметі кандидаттың еңбек кітапшасын, дипломын және басқа құжаттарын біліктілік талаптарына сәйкестігін тексереді. Құжаттарды электронды форматта, соның ішінде eGovMobile немесе Kaspi.kz қосымшалары арқылы ұсынуға болады.

Іріктеудің соңғы кезеңі лауазым түріне байланысты өзгереді. Басшылық лауазымдарға үміткерлер 250 сөзден аспайтын эссе жазып, кейін бейнебайланыс арқылы әңгімелесуден өтеді.

Ал басшылық емес және төменгі лауазымдарға кандидаттар практикалық тапсырмаларды орындайды. Олардың ішінде аналитикалық жазба дайындау, ресми хат жазу немесе өтініштерді қарау сияқты тапсырмалар болуы мүмкін.

Осылайша, онлайн форматқа көшу және цифрлық технологияларды енгізу мемлекеттік қызметке іріктеу жүйесін барынша ашық, әділетті өткізуге мүмкіндік береді.

**МҚІА Қарағанды облысы
бойынша департаменті**



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ОКРУГТЫҚ ЖӘНЕ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ БОС ОРНЫНА КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІН САЙЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі - Сайлау туралы Конституциялық заң) 10-бабына сәйкес Қарағанды облысының Приозерск қалалық мәслихаты бес округтік және тоғыз учаскелік сайлау комиссияларының бос орнына комиссия мүшелерін сайлау туралы хабарлайды.

Учаскелік сайлау комиссияларының сандық құрамын учаскелердегі сайлаушылардың санына қарай қаланың аумақтық сайлау комиссиясы айқындады. Сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі бес жылды құрайды. Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы. Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және қалыптастырылушы комиссияларға қатысты жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2026 жылғы 04 сәуірден бастап 19 сәуірге дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) белгіленген нысан бойынша сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы электрондық және қағаз форматтағы мәліметтер;
 - 2) тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) шешімі, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімінен үзінді көшірме;
 - 3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;
 - 4) кандидаттардың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісім беру туралы белгіленген нысан бойынша өтініштері.
- Сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтердің нысандары, сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісімі туралы кандидаттардың өтініштері мәслихат сайтында орналастырылған.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға тиіс. Сайлау туралы Конституциялық заңның 23-бабының 3-тармағында көзделген сайлау учаскелерін құру жағдайларын қоспағанда, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі сол ұйымның қызметкерлері болмауға тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатқа қағаз форматта ұсынылатын барлық құжаттарға қол қойылуы, мөр басылуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2026 жылғы 04 сәуірден бастап 19 сәуірге дейін дүйсенбі - жұма күндері 09:00-18:30 сағат аралығында жүргізіледі, үзіліс сағат 13:00-ден 14:30-ге дейін.

Приозерск қалалық мәслихаты

Исатаев Алтай Нәсіпбекұлы - қалалық мәслихаттың төрағасы. Мәслихаттың орналасқан жері: Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5 үй. Жауапты адам - Шұға Бексейтқызы Мақышева - қалалық мәслихат аппаратының басшысы, қалааралық телефон коды (871039), жұмыс телелефоны 5-44-21, maslixat_prio@karaganda-region.gov.kz, 2 қабат. Қалалық мәслихат 5 округтік және 9 учаскелік сайлау комиссияларының бос орнына комиссия мүшелерін сайлайды:

1. Округтік сайлау комиссиялары - 5

№	Округ сайлау комиссиясының нөмірі	Сайлау объектісінің (дауыс беруге арналған үй-жайдың) атауы	Округтік сайлау комиссиясының мекен-жайы			Комиссия мүшелерінің саны
			Елді мекен	Көше	Үй	
1	2	3	4	5	6	7
1	№ 2	«Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ «Приозерск қаласының спорт клубы» КММ ғимараты	Қарағанды облысы Приозерск қаласы	Достық көшесі	27/2	1
2	№ 3	«Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ «Приозерск қаласының спорт клубы» КММ ғимараты	Қарағанды облысы Приозерск қаласы	Достық көшесі	27/2	3
3	№ 5	«Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің № 2 жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты	Қарағанды облысы Приозерск қаласы	Достық көшесі	20	1
4	№7	«Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК ғимараты	Қарағанды облысы Приозерск қаласы	Космонавтов көшесі	2	1
5	№11	«Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің № 1 жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты	Қарағанды облысы Приозерск қаласы	Кисунько көшесі	11А	1

2. Учаскелік сайлау комиссиялары - 9

№	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау объектісінің (дауыс беруге арналған үй-жайдың) атауы	Сайлау учаскесінің мекенжайы			Комиссия мүшелерінің саны
			Елді мекен	Көше	Үй	
1	2	3	4	5	6	7
1	№ 226	«Приозерск қаласының орталық ауруханасы» КМК ғимараты	Қарағанды облысы Приозерск қаласы	Транспортная	19	2
2	№ 227	«Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ «Приозерск қаласының спорт клубы» КММ ғимараты	Қарағанды облысы Приозерск қаласы	Достық көшесі	27/2	1
3	№ 228	«Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ «Приозерск қаласының спорт клубы» КММ ғимараты	Қарағанды облысы Приозерск қаласы	Достық көшесі	27/2	2
4	№229	«Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ «Приозерск қаласының спорт клубы» КММ ғимараты	Қарағанды облысы Приозерск қаласы	Достық көшесі	27/2	1
5	№231	«Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің № 2 жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты	Қарағанды облысы Приозерск қаласы	Достық көшесі	20	2
6	№232	«Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК ғимараты	Қарағанды облысы Приозерск қаласы	Космонавтов көшесі	2	1
7	№234	«Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК ғимараты	Қарағанды облысы Приозерск қаласы	Космонавтов көшесі	2	1
8	№235	«Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің № 1 жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты	Қарағанды облысы Приозерск қаласы	Кисунько көшесі	11А	1
9	№236	«Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің № 1 жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты	Қарағанды облысы Приозерск қаласы	Кисунько көшесі	11А	1

Приозерск қалалық мәслихаты



СООБЩЕНИЕ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ОБ ИЗБРАНИИ ЧЛЕНОВ КОМИССИИ НА ВАКАНТНЫЕ МЕСТА В СОСТАВЫ ОКРУЖНЫХ И УЧАСТКОВЫХ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ КОМИССИЙ

В соответствии со статьей 10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее – Конституционный закон о выборах) маслихат города Приозерск Карагандинской области сообщает об избрании членов комиссии на вакантные места в составы пяти окружных и девяти участковых избирательных комиссий.

Количественный состав участковых избирательных комиссий определен территориальной избирательной комиссией города в зависимости от количества избирателей на участках.

Срок полномочий избирательных комиссий составляет пять лет.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии.

Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия предложений политических партий маслихаты избирают избирательную комиссию по предложению иных общественных объединений и вышестоящих избирательных комиссий.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящие, по отношению к формируемым, избирательные комиссии с 04 апреля до 19 апреля 2026 года представляют в маслихат следующие документы:

- 1) сведения о кандидатурах в состав избирательных комиссий по установленной форме в электронном и бумажном формате;
- 2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующих избирательных комиссий;
- 3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);
- 4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Формы сведений о кандидатурах в состав избирательных комиссий, заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательных комиссий размещены на сайте маслихата.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах.

Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

Более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации, за исключением случаев создания избирательных участков, предусмотренных пунктом 3 статьи 23 Конституционного закона о выборах.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием предложений по составу избирательных комиссий осуществляется с 04 апреля до 19 апреля 2026 года с понедельника по пятницу с 09:00 до 18:30 часов, перерыв с 13:00 до 14:30 часов.

Приозерский городской маслихат

Исатаев Алтай Насипбекович – председатель городского маслихата. Местонахождение маслихата: город Приозерск, ул. Балхаш, 5.
Ответственное лицо – Макишева Шуга Бексеитовна - руководитель аппарата городского маслихата, междугородний телефонный код (871039), сл. тел. 5-44-21, maslixat_prio@karaganda-region.gov.kz, 2 этаж.
Городской маслихат избирает членов на вакантные места 5 окружных и 9 участковых избирательных комиссий:

№	Номер окружной избирательной комиссии	Наименование объекта (помещения для голосования)	Адрес места нахождения окружной избирательной комиссии			Количество членов комиссии
			Населенный пункт	Улица	Дом	
1	2	3	4	5	6	7
1	№ 2	здание КГУ «Спортивный клуб города Приозерск» ГУ «Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта города Приозерск»	Карагандинская область, город Приозерск	улица Достык	27/2	1
2	№ 3	здание КГУ «Спортивный клуб города Приозерск» ГУ «Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта города Приозерск»	Карагандинская область, город Приозерск	улица Достык	27/2	3
3	№ 5	здание КГУ «Общеобразовательная школа № 2 отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области»	Карагандинская область, город Приозерск	улица Достык	20	1
4	№7	здание ГККП «Центр детско-юношеского творчества «Достык» отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области»	Карагандинская область, город Приозерск	улица Космонавтов	2	1
5	№11	здание КГУ «Общеобразовательная школа № 1 отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области»	Карагандинская область, город Приозерск	улица Кисунько	11А	1

2.Участковые избирательные комиссии – 9

№	Номер участкового избирательного участка	Наименование объекта (помещения для голосования)	Адрес места нахождения участкового избирательного участка			Количество членов комиссии
			Населенный пункт	Улица	Дом	
1	2	3	4	5	6	7
1	№ 226	здание КГП «Центральная больница города Приозерск»	Карагандинская область, город Приозерск	Транспортная	19	2
2	№ 227	здание КГУ «Спортивный клуб города Приозерск» ГУ «Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта города Приозерск»	Карагандинская область, город Приозерск	улица Достык	27/2	1
3	№ 228	здание КГУ «Спортивный клуб города Приозерск» ГУ «Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта города Приозерск»	Карагандинская область, город Приозерск	улица Достык	27/2	2
4	№229	здание КГУ «Спортивный клуб города Приозерск» ГУ «Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта города Приозерск»	Карагандинская область, город Приозерск	улица Достык	27/2	1
5	№231	здание КГУ «Общеобразовательная школа № 2 отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области»	Карагандинская область, город Приозерск	улица Достык	20	2
6	№232	здание ГККП «Центр детско-юношеского творчества «Достык» отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области»	Карагандинская область, город Приозерск	улица Космонавтов	2	1
7	№234	здание ГККП «Центр детско-юношеского творчества «Достык» отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области»	Карагандинская область, город Приозерск	улица Космонавтов	2	1
8	№235	здание КГУ «Общеобразовательная школа № 1 отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области»	Карагандинская область, город Приозерск	улица Кисунько	11А	1
9	№236	здание КГУ «Общеобразовательная школа № 1 отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области»	Карагандинская область, город Приозерск	улица Кисунько	11А	1



ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА ЖАЛПЫҚАЛАЛЫҚ СЕНБІЛІК ӨТУДЕ



Приозерск қаласында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында ауқымды жалпықалалық сенбілік ұйымдастырылуда.

Іс-шараға мемлекеттік мекеме қызметкерлері, әскери қызметшілер, құқық қорғау органдарының өкілдері, азаматтық және коммуналдық сала қызметкерлері, сондай-ақ қала тұрғындары белсенді қатысып, қаланың тазалығы мен көркеюіне өз үлестерін қосуда.

Сенбілік барысында қала аумағындағы көшелер, саябақтар мен аулалар тазартылып, қоқыстар шығарылып, жасыл аймақтар абаттандырылуда.

Приозерск қаласында 06708 әскери бөлімінің қызметкерлері «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында жаңа көшеттер отырғызу жұмыстарын жүргізуде.

Іс-шараның басты мақсаты – қоршаған ортаны қорғау, қаланы көгалдандыру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Әскери қызметшілер бұл бастамаға белсенді қатысып, қала аумағын жасылдандыруға өз үлестерін қосуда.

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында Жеңіс 38а мекенжайындағы көпқабатты үйдің 100-ге жуық тұрғыны сенбілікке белсене қатысты. Таңғы уақыттан бастап тұрғындар аулаға жиналып, таза-

лық жұмыстарын бірлесе жүргізді.

Сюжет барысында аулада қайнаған еңбек көрінісі байқалды: бірі қоқыс жинаса, енді бірі жапырақтарды тазартып, айналаны ретке келтірді. Тұрғындар аумақты толықтай тазалап, ортақ кеңістікті көркейтуге өз үлестерін қосты.

Ең бастысы – бұл шара тек тазалықпен шектелмей, көршілік қарым-қатынасты нығайтты. Сенбілік соңында тұрғындар аулада арнайы дастархан жайып, бірге шай ішіп, жылы әңгіме өрбітті.

Сонымен қатар, тұрғындар өздерінің жылы лебіздерін білдіріп, қала тұрғындарын да осындай игі бастамаға белсене атсалысуға

шақырды. Осылайша, Жеңіс 38а үйінің тұрғындары тазалық пен бірліктің жарқын үлгісін көрсетті.

Мұндай игі бастамалар қоршаған ортаны қорғауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және туған жерге деген жанашырлықты арттыруға бағытталған.

Барша қала тұрғындарын тазалық акциясына белсене қатысуға шақырамыз!

Таза қала – әрқайсымыздың ортақ міндетіміз!

*facebook.com/
priezorsk.akimdig*

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №14/196, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.